

2012 жылғы Аршалы ауданындағы халықтың мақсатты топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесін белгілеу туралы

Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 1 ақпандағы № А-45 қаулысы. Ақмола облысы Аршалы ауданының Әділет басқармасында 2012 жылғы 1 наурызда № 1-4-201 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңының 31 бабы 1 тармағының 13 тармақшасына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Халықты жұмыспен қамту туралы» Заңының 5 бабының 2 тармағына, 7 бабының 2 тармақшасына сәйкес, Аршалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ**
Е Т Е Д І :

1. 2012 жылғы Аршалы ауданындағы халықтың мақсатты топтарына жататын адамдардың қосымша тізбесі белгіленсін:

- 1) тұлғалар, ұзақ уақыт жұмыс істемеген (үш ай және одан артық);
- 2) 21 жастан 29 жасқа дейінгі жастар;
- 3) маусымдық және уақытша жұмыстардан мерзімінің аяқталуына байланысты босатылған тұлғалар;
- 4) техникалық және кәсіби білім беру ұйымдарын бітіруші түлектер санатындағы жастар;
- 5) адам ағзасындағы қорғаныс қабілеті жетіспейтін және қорғаныс қабілетінің төмендеуі салдарының қоздырғышын жұқтырғандар;
- 6) әлеуметтік-психологиялық оңалту курсынан өткен есірткіге тәуелді тұлғалар.

Ескерту. 1 тармаққа өзгеріс енгізілді - Ақмола облысы Аршалы ауданы әкімдігінің 2012.06.18 № А-243(ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Аршалы ауданы әкімінің орынбасары **Б.Т.Ақшинеевке** жүктеледі.

3. Аршалы ауданы әкімдігінің осы қаулысы Ақмола облысының Әділет департаментінде мемлекеттік тіркеуден өткен күннен бастап өз күшіне енеді және арнайы жарияланған күннен бастап қолданысқа енгізіледі.

Аршалы ауданының әкімі

Маржықпаев Е.